

# «Тәуелсіздік түлектері»

*Тәуелсіздік күні қарсаңында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті филология факультетінің Тұрсынбек Кәкішев атындағы дәрісханасында «Тәуелсіздік түлектері» деп аталатын кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті.*

Бұл іс-шараның символикалық мәні де ерекше. Кітаптың «Тәуелсіздік түлектері» деп аталуының өз заңдылығы бар. Себебі кітаптың авторлары һәм кейіпкерлері — әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің (бұрынғы ҚазГУ) филология факультетіне 1986 жылы түсіп, 1991 жылы оқу бітірген, ерекше кезеңде білім алған түлектер. Аталмыш кітап осы ерекше студенттердің ұжымдық еңбегінің көрінісі.

Іс-шараға ардагер ұстаздар, филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Жанғара Дәдебаев, Өмірхан Әбдиманұлы, сондай-ақ Филология факультетінің деканы Баян Жолдасбекова, Филология факультеті Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін зерттеу орталығының жетекшісі, филология ғылымдарының докторы А.Мәуленов, Қазақстан Жазушылар одағының өкілі Қ. Жұмашева, ұлағатты ұстаздар Ғ.Иманалиева, А.Салқынбай, Л.Мұсалы және Филология факультетінің 1986-1991 жылдардағы түлектері, білім алушы жастар қатысты.

Қатысушылар іс-шараның жас ұрпақты патриоттық тұрғыдан тәрбиелеудегі маңызының зор екенін және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жағымды имиджіне оң ықпал ететінін атап өтті.

**Серік БӘКІР,  
Шоқан ШОРТАНБАЙ**